

## Еліміздің болашағы -бүгінгі балалар

Бала әрбір халықтың, әрбір мемлекеттің болашағы. Мемлекеттің өзінің өскелең ұрпағына қандай қамқорлық жасап отырғанына қарап, оның келешек қоғамының бет бейнесін көруге болады . «Бала келешек жеке тұлға емес, ол - осы күннің өзінде- ақ жеке тұлға. Балалар бізді толғандыратын барлық сезімдер мен ойлардың бастауына негіз болатын тіршілік иелері, бұл бастауларға жетекшілік етуде нәзіктік пен мейірімділік таныту керек».

Мектепке дейінгі жас бала дамуында жаңа әлеуметтік жағдайлардың пайда болуымен сипатталады. Мектеп жасына дейінгі баланың өзін қоршаған адамдар арасынан алатын орнының ерте сәбилік шақтағы балаға қарағанда елеулі айырмашылығы болады .Баланың қарапайым міндеттер өрісі пайда болады. Баланың ересектермен байланысы жаңа формаға ие болады, бірлескен іс- әрекет ересек адамның нұсқаларын дербес орындаумен алмасады .

Мектепке дейінгі шақтың елеулі ерекшелігіне баланың құрдастарымен арнайы өзара қарым - қатынасының пайда болуы «Балалар қоғамының» құрылуы жатады .Мектеп жасына дейінгі баланың басқа адамдарға қатысты өзіндік ішкі позициясы өз «менің» және өз қылықтарының маңызын аңғарудың арта түсуімен үлкендердің ішкі дүниесіне олардың іс -әрекеттері мен өзара қарым-қатынасына ерекше қызығуымен сипатталады.

Еліміздің болашағы -бүгінгі балалар . Ал олардың қандай азамат болып шығуын қадағалау- қазіргі балабақша мектептерге, тәрбиеші мұғалімдерге тікелей жүктелетін жауапты жұмыс. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі балалардың өзара және ересектермен арасындағы қарым- қатынасы аса маңызды өзекті мәселе болатыны сөзсіз.